

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021
Нұр – Сұлтан**

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

T29

Редакция алқасы

МАЙДЫРОВА А.Б. - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БАЙЖОЛОВА Р.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БЕРЖАНОВА А.М. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЖАНАБАЕВА Ж.К. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АУЕЛБЕКОВА А.К. - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С. - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

КАЗБЕКОВА З.К. - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

НҰРЛАНҰЛЫ А - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ISBN 978-601-337-610-3

T29 "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-610-3

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ПЕН ИНФЛЯЦИЯ ДЕҢГЕЙІ

Сауранбай А., Өміржанов Н.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті






Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

ainur.sauranbay@gmail.com, gabidenovnurdaulet@gmail.com

Түркістан облысы 2018 жылы 19 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысының атауын өзгерту нәтижесінде пайда болды. Түркістан облысының орталығы Түркістан қаласы болды, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, Түркістан ғасырлар бойы Қазақ хандығының, жалпы бүкіл түркі дүниесінің саяси және рухани өмірінің өзегі болды.

Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге келсек (сурет 1.) аумақтың халық саны осы жылғы 1 қазандағы көрсеткіш бойынша 2.066.500 адамды құрады. Оның ішінде зейнеткер жастан асқан халық 8,4% (173.132адам), еңбекке қабілетті халық 1.812.159, ерлер 743.985, әйелдер 1.068.174 құрайды. Негізгі көрсеткіштерді алдыңғы жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда ЖӨӨ 105,7%-ға, инфляция деңгейі 7,6%-ға, жұмыссыздық деңгейі (үшінші тоқсан бойынша) 5,1% -ға өссе, орташа айлық жалақы деңгейі 181.092 теңгені құрады.

НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

 Халық (2021 жылғы 1 қазанға, мың адам)	2066,5	 ЖӨӨ (2021 жылғы қаңтар-маусымдағы алдын-ала деректер, 2020 жылғы қаңтар-маусымға, %)	105,7
 Инфляция (2021 жылғы қазан 2021 жылғы қыркүйекке,%)	1,0	 Инфляция (2021 жылғы қазан 2020 жылғы желтоқсанға, %)	7,6
 Жұмыссыздық деңгейі (2021 жылғы III тоқсан, %)	5,1	 Орташа айлық жалақы бағалау бойынша* (2021 жылғы III тоқсан, теңге)	181 092

*Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алусыз.

Сурет 1. Түркістан облысының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері

Экономикалық салалардың өсу қарқыны (сурет 2) өзіндік өсім нәтижелерін көрсетті, атап айтқанда өнеркәсіп, құрылыс,көлік,ауыл шаруашылығы, сауда, байланыс салалары сәйкесінше 100,1-109,6% аралығындағы пайыздық қарқынын суреттеп, нақты көлем индексінің өскенін негіздеді.


Инфляция – бұл бағалардың жалпы деңгейінің өсуі нәтижесінде ақшаның сатып алушылық қабілетінің төмендеуі және оның құнсыздануын білдіретін көпфакторлы экономикалық құбылыс.

ҚР инфляцияның болу себептері:

1. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы, оны бүркемелеу үшін мемлекет қағаз ақша шығарылуы;

2. Ұлттық экономикада өндірістің терең құлдырауынан болған тауар тапшылығы;
3. Өндірілген өнімдерге энергетиканың, материалдардың, еңбектің жоғарғы мөлшерде жұмсалуды;
4. Өз тауарлары мен қызметтеріне бағаны негізсіз көтеруге мүмкіндік берген жеке тауар өндірушілер монополизмі;
5. Мемлекеттің өнімсіз шығындарының жоғарғы деңгейі;
6. Басқа мемлекеттердегі экономикалық дағдарыстардың ықпалы.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛАЛАРДЫҢ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ (НАҚТЫ КӨЛЕМ ИНДЕКСІ, В %)

 Өнеркәсіп (2021 жылғы қаңтар-қазан 2020 жылғы қаңтар-қазанға, %)	102,2	 Ауыл шаруашылығы (2021 жылғы қаңтар-қазан 2020 жылғы қаңтар-қазанға, %)	100,1
 Құрылыс (2021 жылғы қаңтар-қазан 2020 жылғы қаңтар-қазанға, %)	104,7	 Сауда (2021 жылғы қаңтар-қазан 2020 жылғы қаңтар-қазанға, %)	106,1
 Көлік (2021 жылғы қаңтар-қазан 2020 жылғы қаңтар-қазанға, %)	104,2	 Байланыс (2021 жылғы қаңтар-қазан 2020 жылғы қаңтар-қазанға, %)	109,6

Сурет 2. Түркістан облысының экономикалық салалардың өсу қарқыны

Деректер бойынша инфляция жақсы деңгейде емес. Жылдық мәнде тауарлар мен қызметтердің құны ресми түрде 7.6%-ға жуық өсті. Ең үлкен секіріс азық-түлік секторында 11% тіркелді, содан кейін азық-түлік емес тауарлар, 7% - дан сәл артық және қызметтер 6% - ға қымбаттады. Бірақ сарапшылар да, түркістан облысының тұрғындары да нақты инфляция іс жүзінде ресми цифрлардан жоғары деп санайды.

Ұлттық банк биылғы жылы инфляцияның 4-6% - ға дейін баяулауын болжады, бірақ іс жүзінде 8-8.5% - ға жуық іс атқарылды. Болжам орындалмады, өйткені біріншіден, оған түзетулер енгізген пандемия әсер етті. Екіншіден, бүкіл әлемде инфляция өте қарқынды түрде өсті. 2019 жылы әлемдегі барлық ұлттық банктер қолма-қол ақшаны тым көп басып шығарды. Бір сәтте АҚШ айына 1трлн.USD дейін басып шығарды. Әрине, бұл тұтынушылар мен бизнесті қолдау үшін басып шығарылған артық өтімділік. Бір сәтте бүкіл мемлекеттер тым көп ақша шығаруымен айналысып, инфляция бүкіл әлемде бақылаудан шықты.

Біз бәріміз тұрақты бағаны қалаймыз. Біздің пікірімізше, осы ахуалды өзгерту үшін, бізге әртараптандырылған экономика құру қажет. Тауарлар, қызметтер шығаруға бағдарланған, яғни шағын орта бизнеске сөзбен емес, іспен сүйену керек. Өйткені, біз әлі де мұнайға тәуелдіміз. Бізге адами капиталды дамытумен айналысу керек. Себебі, біз экономика жағынан да, адами капиталдың сапасы жағынан да баяу құлдырап жатырмыз.

Пандемия ұзақ уақытқа созылатынын ескерсек, жалақы инфляцияға қарағанда өспейді. Бүгінгі таңда бізде инфляция төмендейді, экономика дами бастайды деп болжауға ешқандай объективті себептер жоқ.

Дамушы экономика үшін өсу қарқыны кем дегенде 6-7% - дан асуы керек. Яғни, біз тезірек өсуіміз керек. Өйткені, проблемалар инфляцияның өзінде емес. Егер мемлекетте 8% инфляция болса және экономикалық өсім 10% болса, адамдар бұл инфляцияны сезбейді. Ал негізгі мәселе мынада, егерде инфляция 6-8%, ал экономикалық өсу 3% болған кезде екеуінің арақатынасындағы үлкен ауыртпалық елге сезіледі. Мұнда бәрі осыдан шығады. Жалақы өспей, қалғандарының бағасы өседі. Бұл ретте бағалар сіздің жалақыңызға қарағанда озық қарқынмен өседі. Егер сіздің жалақыңыз инфляциядан асып түсетін қарқынмен өссе, ол қандай болса да, адамдар оны сезінбейтін еді. Мысалы, қазақстандықтар 2005-2007 жылдары инфляцияны сезбеді, өйткені экономика жылына 10-12% қарқынмен өсті. Осыған байланысты бағаның өсуіне ерекше наразылық болған жоқ. Қазір бұл өткір сезінеді, өйткені адамдардың сатып алу қабілеті төмендеді. Адамдардың әлеуметтік әл-ауқаты нашарлады. Осы мәселені объективті түрде мойындау керек.

Түркістан облысының инфляциясын бақылаудың ең танымал әдістерінің бірі оның ақша-кредит саясатын шектеу, атап айтқанда шет мемлекеттерден кірер қаржы көлемін реттеу не оған бақылау енгізу. Ұстап тұру саясатының мақсаты облигациялар бағасының төмендеуі және пайыздық мөлшерлемелердің өсуі арқылы экономикадағы ақша массасын азайту болып табылады. Бұл шығындарды азайтуға көмектеседі, өйткені ақша аз болған кезде, ақшасы барлар оны үнемдеп, сақтап қалғысы келеді. Бұл сонымен қатар шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін несиелер аз екенін білдіреді. Инфляция кезінде шығындарды азайту өте маңызды, өйткені ол экономикалық өсуді және өз кезегінде инфляция қарқынын тоқтатуға көмектеседі.

АҚШ-та тежеу саясатын жүргізудің үш негізгі құралы бар. Біздің ойымызша, біздің мемлекет инфляцияны азайту үшін олардан дұрыс саясатты үйренуге болады. Осы тұрғыда, Қазақстан, тек қана Түркістан облысын емес, бүкіл облыстардағы инфляцияны тежей алады.

Біріншісі, Орталық банк арқылы пайыздық мөлшерлемелердің өсуі. Федералды қор ставкасы-бұл банктер үкіметтен ақша алатын мөлшерлеме, бірақ ақша табу үшін оларды жоғары мөлшерлемелермен несиелендіру керек. Федералды резервтік жүйе пайыздық мөлшерлемені көтерген кезде, банктерде ставкаларды көтеруден басқа амал жоқ. Банктер өздерінің ставкаларын көтергенде, аз адамдар ақшаны қарызға алғысы келеді, өйткені бұл қымбатқа түседі, ал бұл ақша жоғары пайызбен алынады. Осылайша шығындар азаяды, бағалар төмендейді және инфляция баяулайды.

Резервтік талаптар. Екінші құрал-банктер заң бойынша қаражатты алуды жабу үшін қолында ұстауға міндетті ақша сомасына резервтік талаптарды ұлғайту. Банктер неғұрлым көп ақша ұстаса, тұтынушыларға несие беру соғұрлым аз болады. Егер олардың несиелері аз болса, тұтынушылар аз қарыз алады, бұл шығындарды азайтады.

Ақша массасының қысқаруы. Үшінші әдіс-ақша массасын азайтуға ықпал ететін саясат жүргізу арқылы ақша массасын тікелей немесе жанама түрде азайту. Мұның екі мысалы-Үкіметтің қарыздарын өтеу және облигациялар

бойынша төленетін пайыздарды көбейту, сондықтан оларды көбірек инвесторлар сатып алады. Соңғы саясат сұраныстың жоғарылауына байланысты валюта бағамын жоғарылатады (егер сіздің ставкаларыңыз шетелдік бағамдарға қатысты өссе, капитал ағыны есебінен) және өз кезегінде импортты арттырады және экспортты азайтады. Бұл саясат айналыстағы ақшаның азаюына әкеледі, өйткені ақша банктерден, компаниялардан және инвесторлардың қалтасынан Үкіметтің қалтасына түседі, үкімет онда ол не болып жатқанын басқара алады.

Жұмыссыздық – елдегі еңбекке ынтасы мен қабілеті бар, бірақ еңбекке қабілеттілігін жүзеге асыра алмай жүрген азаматтар.

Жұмыссыздарға халықтың экономикалық белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы (15 және одан жоғары жастағылар) азаматтар жатады, нақтырақ айтқанда:

1. Жұмыссыз болған (тұрақты жұмысы болмаған);

2. Жұмысты іздеумен белсенді айналысқан;

3. Уақыттың белгілі бір кезеңі ішінде жұмысқа кірісуге дайын болған деген үш негізгі критерийлерге бір мезгілде жауап берген адамдар кіреді.

Түркістан облысының негізгі ақпарат құралдарына сүйенсек өткен жылғы жұмыссыздық деңгейіне қарағанда осы жылғы көрсеткіш 2% өскенін атап өтуге болады, ашып айтқанда осы айтып жатқан пайыз тек мен жұмыссызбын деп тіркелгендердің саны ғана, ал жұмысы жоқ және басқа да адамдардың нақты санын ешкім білмейді. Біздің пікіріміз бойынша, осы мәселені азайту үшін жергілікті атқарушы орган жұмыспен қамту министрлігінің арнайы өкіметпен бекіткен бағдарламасын сол бойынша адамдарды анықтап, комиссиямен тексеріп одан белгілі деңгейде жағдайының төмен болуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік көмекті беріп, ал жұмыссыздық болса жұмысқа тұрғызуға жағдай жасап, көптеген бос жұмыс орындарына орналастыруға болады. Ол жұмыс орындарының бос болуының себебі жастар келіп ол салада жұмыс істегісі келмейді, әркім өз саласы бойынша не өзіндік іс бастауды жөн көреді. Ал біздің қазір айтып жатқан саясатымыз Түркістан қаласында қызмет көрсету саласының бостығын ашып көрсетеді, өйткені арнайы экономикалық аймақтың құрылуы оған шетелдік компаниялардың тартылуы және олардың индустриялық аймақты қалыптастыруын негіздесек, бұл жерде тек жеке кәсіпкерлік қабілеттілікті қалыптастыруға бағытталған саясатты не ұстанымды көруге болады. Ал Түркістан халқының басындағы мәселе тек әлеуметтік жағдаймен шектелмейді, өзге де басқа мәселелердің болуы мәселені екі жақты қарастыруға негізdedі. Біріншісі, мемлекеттің бағыты болса, екіншісі, жергілікті тұрғындар деуге болады, себебі жергілікті халық барлық нәрсенің арзан әрі сапалы болғанын қалайды, бағаның тұрақты болғанын қалайды, жұмыс орындарының ашылғанын қалайды, инфрақұрылымға сәйкес тұтыну заттарының бағаларының тиімді болғанын қалайды.

Көңілсіз жұмыс өнімсіз демекші, бірақ қазір мыңдаған адамның екі қолға бір күрек таппай жүрген заманда бар жұмысқа шүкір деу шарт сынды. Екі қолға бір күрек таппай табанынан таусылғандардың тәулік сайын көгергенін көргенде көңілін түседі, себебі қызметсіз қалған әрбір адамның артында бір отбасы

тұр. Түркістан облысында да осы жұмыссыздық мәселесі алдыңғы жылдарға қарағанда өршіп тұр, демек коронавирус кейліккен кезеңнен бастап отандастарымыздың қызметтен қол үзуі көбейгені анық. Ол кездегі халықтың жағдайы қолыма жұмыс бергенін, жаныма тыныс бергенмен тепе-тең болды. Алайда осы жұмыссыздық деген дертті жою үшін түбінен тексеру қажет, өйткені үнемі салдарымен күресу дертте айналған. Әзірге ешбір ел облысында бұл мәселе толықтай шешілген жоқ, егер құлықсыздық пен біліксіздік жойылса жұмыссыздықтың азаятыны анық. Қазір еңбек нарығында үлкен өзгеріс болып жатыр, атап айтқанда көп мамандықтар түрленіп, жаңаруға түсуде, себебі қазіргі кезде жұмыс берушілердің дені мамандығына не кәсіби біліміне емес, жұмыскердің қарым қабілетіне немесе еңбек дағдысына қарай тәжірибиесін биік бағалайды. Түркістан облысында жұмыссыздықтың шешілуіне тағы да қадамдар жасалуда, оның бірегейін негіздей кетсек қысқа мерзімді оқу курстарын атап өтсек болады, себебі ол адамды белгілі кәсіп түрін үйретіп, еңбекке баулиды.

Түркістан облысы шетелдік туристер үшін әлі де тартымсыз сипат ұстап отыр. Түркістан облысына қомақты қаражат бөлінгеніне қарамастан өңірге шетелдік және қазақстандық туристер аз келген. Қазақстанда туризмді дамыту – басым бағыттардың бірі. Саладағы жағдайды жақсарту үшін тиісті шаралар қабылданып жатыр. Болашағы зор өңірлердің бірі – Түркістан облысы. Соңғы екі жылда аталған облысқа айтарлықтай көлемде инвестиция құйылды. Мысалы, 2019 жылға дейін өңірде өнер, ойын-сауық және демалыс саласындағы негізгі капиталға салынған инвестиция 8 млрд теңгеден аспаса, 2020 жылы бұл сома бірден 125,3 млрд теңге болды. Биыл да өңірге қомақты инвестиция тартылған. 2021 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша Түркістан облысына 80,8 млрд теңге бөлінді, ал қалған 16 өңірде инвестиция көлемі жалпы 86 млрд теңге болды. Ашығын айтсақ, бір аймаққа салынған инвестиция елдің барлық басқа аймағына, оның ішінде мегаполистер мен курорттық аймақтарға құйылған қаржы көлемімен салыстыруға тұрарлық. Алайда өңірге қомақты қаражат бөлінгеніне қарамастан оның нәтижесі көңілден шықпай отыр. Түркістан облысы қызмет көрсету көрсеткіші бойынша еліміздің көптеген өңірінен артта тұр. Мысалы, биыл бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша ішкі туризм бойынша орналастыру орындарына келушілерге қызмет көрсету бойынша көшбасында Алматы (447,2 мың адам), Нұр-Сұлтан (289,5 мың адам) және Алматы облысы (165,9 мың адам) тұр, ал Түркістан облысы тізімде 9-орында. 2021 жылғы 6 айда мұнда орналастыру орындарына келген 94,7 мың адамға қызмет көрсетілген. Абсолютті мәндерді емес, тек қызмет көрсетілетін келушілер санының жылдық өсу қарқынын қарастырсақ, Түркістан облысы үздік үштікке де кірмеген.

"Түркістанға өз әлеуетін көрсету үшін уақыт қажет", - деп есептейді Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы. Бүгінгі таңда туристер бір күндік турларды жиі пайдаланады және кейбіреулеріне Шымкентте қону қаржылық жағынан тиімдірек. "Әзірет Сұлтан музейін 8 айда 1,3 млн туристер тамашалады. Яғни, бізде енді ғана дами бастаған бір күндік турлар бар. Түркістанның әлеуеті өте зор, мұнда Өзбекстанмен және Тәжікстанмен Ұлы Жібек жолы бойынша

байланысты трансшекаралық халықаралық турлар болады. Бұл жағдайды дамыту үшін бізге уақыт беру керек", - дейді сарапшы Маржан Сұлтанбаева.

"Жақын көршілерге ерекше назар аудару керек", деп туристік компанияның жетекшісі Әсем Қозбағарова атап өтті. "Әдетте, шетелдік азаматтар елге 5-7 күнге келеді және туристің қызығушылығын қанағаттандыру үшін жеткілікті орын болуы керек. Өзбекстан нарығы Түркістан үшін өте үлкен әлеуетке ие, бірақ қазіргі уақытта ел визасыз тізімде болса да, құрлық шекарасы жабық. Егер де шекара ашық болғанда, биыл өзбек туристері көп болар еді деп ойлаймын. Себебі, Түркістан жақын орналасқан. Сондай-ақ, бұл жақта көптеген тарихи, қызықты нысандар бар."

Дамыған инфрақұрылым, көліктік қолжетімділік және бюджеттік турист үшін қолайлы жағдайларын және шешу мәселелерін әлі қарастыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1) <https://stat.gov.kz/region/20243032>
- 2) https://www.youtube.com/watch?v=_M5mHWai5Pk
- 3) <https://inbusiness.kz/kz/last/turkistan-oblysy-sheteldik-turister-ushin-ali-de-tartymysyz>
- 4) <https://www.investopedia.com/ask/answers/111314/what-methods-can-government-use-control-inflation.asp>

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА ПРИ ПАНДЕМИИ COVID-19

Тогжанова А.К.

Западно-Казахстанский университет им М. Утемисова,
Казахстан, г. Уральск
gasmin2@mail.ru

Сегодня переходить к «зеленым» источникам энергии бизнес подталкивают два основных фактора. Первый – стремление корпораций улучшить свой имидж, в глазах широкой общественности и надзорных органов, контролирующих влияние их деятельности на окружающую среду. Второй фактор – возможность снизить свои затраты за счет использования возобновляемых источников, рентабельность которых год от года только увеличивается. В данном смысле показателен пример Amazon – как и многим другим технологическим гигантам, Amazon требуется огромное количество электроэнергии для поддержания работы своих центров обработки данных по всему миру. В США и Китае компания инвестирует в создание крупных солнечных электростанций – как для того, чтобы продемонстрировать потребителям свою приверженность защите окружающей среды, так и для того, чтобы уменьшить свои затраты.